№37 (7723)
08/09/2026 ж.

www.zhaikpress.kz
karatobe_oniri@mail.ru

www.facebook.com/zhaikpress
twitter.com/zhaikpress
www.instagram.com/zhaikpress

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Қаратөбе өңірі

Газет 1936 жылдың наурыз айынан бастап шығып келеді.

Тілге құрмет – елге құрмет

Алаш және Қ. Хасанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай ана тіліміздің қадір-қасиетін дәріптеуге арналған «Ана тілім – ән-жырым» атты поэзиялық кеш өтті.

Рухани шара мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, қазақ тілінің көркемдігі мен құдіретін насихаттау, жас ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында оздырылды.

Шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Меңдешов сөз сөйлеп, ана тілінің ұлт болмысын қалыптастырудағы маңыздылығына тоқталды.

– Ана тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы. Тілді сақтау және дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өз тілін құрметтеген адам өз елін, жерін, тарихы мен мәдениетін де құрметтейді. Сондықтан ана тілімізді ардақтап, оның мәртебесін биіктетуге әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз қажет.



Біздің міндетіміз – ана тілімізді тек мерекелік шараларда ғана емес, күнделікті өмірде құрметтеп, оның қолданыс аясын кеңейту. Тілімізді сақтап, оны дамыту арқылы біз ұлттық болмысымызды да сақтаймыз. Ана тілін құрметтеу – Отанды, туған жерді, ел тарихын құрметтеумен сабақтас.

Бүгінгі «Ана тілім – ән-жырым» атты кештің де берері мол. Осындай тағылымды шаралар жиі өткізіліп, жастарымыздың бойында тілге, елге, жерге деген сүйіспеншілік қалыптаса берсін. Баршаңызды ана тілімізді ардақтап, оның мәртебесін бірге биіктетуге шақырамын, – деді Нұрлан Меңдешов.

Шара барысында аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Меңдешов «Қаратөбе өңірі» газетінің жауапты хатшысы Ерболат Райсов пен Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Самал Ескожинаға 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай өңірімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға бағытталған түрлі облыстық іс-шараларға белсене қатысып, қолдау білдіріп, қоғам алдында азаматтық



белсенділік танытқаны үшін Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының алғысхатын табыстады.

Кеш барысында туған жер, ана тілі, отбасы құндылықтары тақырыптарындағы өлеңдер оқылып, әндер шырқалды. Жыр жолдарында елге, жерге деген сүйіспеншілік, ана тілінің қадірі мен отбасындағы сыйластық, береке-бірлік кеңінен көрініс тапты.

Р.АБАЙ



Өнерге қосқан үлес – ел жадында

«Ауыл әуендері» халықтық фольклорлық ансамблін қайта құруға елеулі үлес қосып, ұлттық өнердің өркендеуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған Жанболат Есенгелдинді Орал қаласына қоныс аударуына орай зор құрметпен шығарып салды.

Ансамбльдің шығармашылық тынысын қайта жаңғыртып, өнер ұжымының қалыптасуына атсалысқан азаматтың еңбегі ел есінде. Өнерге деген жанашырлығы мен мәдениет саласына қосқан үлесі – кейінгі буынға үлгі.

Осы орайда Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мәулен Аманшаұлы Жанболат Сисенғалиұлына арнайы алғысын білдіріп, ансамбльдің қайта түлеп, шығармашылық жолының қалыптасуына қосқан еңбегіне ризашылығын жеткізді.

Жанболат Сисенғалиұлына еңбегі үшін алғысхат табысталып, әріптестері ақжолтай тілектерін арнап шығарып салды.

Өз тілшіміз

Алғашқы қоңырау соғылды

1 қыркүйек – Білім күніне орай Мұхит атындағы ЖОББМ-де салтанатты шара оздырылды.



Білім күніне арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында өткен жиынға «Әділет» партиясы аудандық филиалының төрағасы Абат Зейнуллин, аудандық білім беру бөлімінің бас маманы Іңкәр Есказиева қатысты.

Салтанатты шарада алғашқы сөз алған Мұхит атындағы ЖОББМ-ның директоры Мәди Қайырғалиев:

– Құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар, қадірлі қонақтар және қымбатты оқушылар, баршаңызды бүгінгі ерекше мереке – 1 қыркүйек, Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын.

Халқымызда «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген жақсы сөз бар. Бүгін – сол білім жолына жасалған жаңа қадамның, жаңа мақсаттар мен жаңа үміттердің бастау алар күні.

Биыл мектебіміз жаңа оқу жылын 633 оқушымен бастап отыр. Соның ішінде 92 бүлдіршініміз алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, 1-сыныпқа қадам басқалы тұр.

Қымбатты бүлдіршіндер, бүгін сендер үшін өмір бойы есте қалатын ерекше күн. Алғашқы қоңырау, алғашқы ұстаз, алғашқы парта, алғашқы достар – мұның бәрі сендердің мектептегі үлкен сапарларыңның бастауы.

Қадамдарың құтты болсын! Мектепке деген алғашқы қуаныштарың он бір жыл бойы білімге деген құштарлыққа ұлассын.

Ал бүгінгі күннің тағы бір ерекше иелері – 11-сынып оқушылары. Сіздер үшін бұл – мектеп қабырғасындағы соңғы алғашқы қоңырау. Алдарыңызда жауапты да маңызды жыл тұр. Биылғы оқу жылында 11 сыныпқа 45 оқушы қадам басып отыр. Оның ішінде 3-еуі «Алтын белгіге», 2-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер оқушыларымыздың болуы – мектебіміз үшін үлкен мақтаныш әрі зор сенім.

«Талаптыға нұр жауар» дейді халқымыз. Сол талаптарыңыз талмас қанат болып, биылғы оқу жылын үлкен жетістіктермен аяқтап, таңдаған мамандықтарыңызға түсіп, ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың үмітін ақтаңыздар, – деді.

Кезегінде сөз сөйлеген «Әділет» партиясы аудандық филиалының төрағасы Абат Зейнуллин ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап:

– Бүгін еліміздің барлық білім ордаларында жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылып, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер мен білімге қайта оралған оқушылар үшін жаңа белес басталды.

Биылғы оқу жылы еліміз үшін тарихи маңызы зор кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы, ел тарихындағы жаңа белестің бастауы болған жаңа Конституцияның қабылдануы және жаңа Құрылтайдың қалыптасуы – мемлекетіміздің болашағына деген үлкен жауапкершілікті айқындайтын айтулы оқиғалар. Сондықтан бүгінгі алғашқы қоңырау – жай ғана жаңа оқу жылының бастауы емес, ел болашағына қызмет ететін жаңа білім мен жаңа мүмкіндіктердің бастауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде өскелең ұрпақтың психологиялық саулығын сақтау, қолайлы және қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасау керектігін айтып өтті.

Қазіргі білім беру жүйесін дамытудың маңызды шарттарының бірі – сапалы, сенімді және қолжетімді цифрлық деректердің болуы. Бүгінгі таңда білім беру саласындағы деректердің едәуір бөлігі цифрлық форматқа көшірілуде. Осыған орай 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды, – деп ақжарма тілегін арнады.

Салтанатты жиында аталмыш мектептің табалдырығын алғаш аттағалы тұрған бүлдіршіндерге «Әліппе» оқулығы табысталды. Бүлдіршіндер өз кезегінде сазды сәлемдерін жолдады.

Алғашқы қоңырау соғу сәтіне жас түлек, «Алтын белгі» үміткері Жақия Құбай мен мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған Айару Сағынғали шақырылды.

Салтанатты жиыннан соң барлық сыныптарда тәрбие сағаттары оздырылды.

Серікбай ХАСАНОВ



1 қыркүйек – Білім күніне орай «Қажым Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ-де «Қазақстан Республикасы Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Қадыржан Орынбасарұлы, аудандық білім беру бөлімінің басшысы Берікжан Ғарапшаұлы, мектеп ұстаздары, оқушылар мен ата-аналар қатысты.

Жиында сөз алған аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев мектеп мұғалімдерін, оқушылар мен ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Құрметті ұстаздар! Қымбатты оқушылар және ата-аналар!

Осы айтулы күні барша ата-аналарды, ардақты ұстаздарды, аяулы оқушыларды және қадірлі қонақтарды 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы 2026-2027 оқу жылын аудан бойынша 2583 оқушы бастағалы отыр, 1-сыныпқа 277 оқушы қабылданды. Сәуле елді мекеніне жаңа мектеп ғимараты салынып, Жақсыбай негізгі орта мектебі падалануға берілді.

Өткен оқу жылында жалпы орта білім беретін мектепті 156 оқушы аяқтаса, оның ішінде 40 мектеп түлегі жоғарғы оқу орнының (ЖОО) грантын иеленді. Ең жоғары 133 балды Қаратөбе мектеп-гимназиясының түлегі Оңғар Гүлсезім Аманжолқызы жинады.

2026 жылдың жазғы кезеңінде 18 мектеп жанындағы және 2 қала сыртындағы демалыс орталықтары жұмыс жасады.

Мектеп жанындағы демалыс орталықтарында 1-10 сыныптағы 2374 оқушы, «Балалар шығармашылығы үйі» жанындағы Шалқар көлі жағасындағы «Балдәурен» білім беру-сауықтыру орталығында 147 бала, аудандық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығына қарасты «Жасыл желкен» демалыс орталығында 300 оқушы демалды. Бұл – 1-10 сынып оқушыларының 100%-ы.

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге жаңа жетістіктер, ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін, – деді.

Өз кезегінде мектеп директоры Мираш Спортқызы білім ордасының өткен оқу жылындағы жетістіктеріне тоқталып, мектеп ұжымы мен оқушыларының қол жеткізген нәтижелерін атап өтті.

– Құрметті ұстаздар, ардақты ата-аналар, қадірлі қонақтар, қымбатты оқушылар сіздердә жаңа 2026–2027 оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы оқу жылында мектебімізде 361 оқушы білім алса, 67 педагог жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлестерін қоспақ.

Жаңа оқу жылында ұстаздар қатарымыз да жас мамандармен толықты. Атап айтқанда, физика пәні және бастауыш сынып бағыттарына жас мамандар келіп, мектебіміздің педагогикалық ұжымына жаңа серпін әкеліп отыр.

Өткен оқу жылында мектебіміз жақсы жетістіктермен қорытындыланды. 25 түлегіміз мектепті аяқтап, оның 19-ы мемлекеттік білім грантының иегері атанды. Бұл – шәкірттеріміздің білімге деген талпынысы мен ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің жемісі.

Ал бүгін сол білім ордасының табалдырығын 25 бүлдіршін алғаш рет аттағалы отыр.

Ендеше, жаңа оқу жылы білімге, ізденіске, адалдыққа және үлкен жетістіктерге толы жыл болсын!

Бірінші сынып оқушыларының алғашқы қадамы құтты болсын, – деді.

Шарада мектеп табалдырығын аттағалы тұрған 1-сынып оқушыларына «Әліппе» кітабы табысталып, сынып жетекшісі Арна Дауылбайқызы мен Абай Құрмет алғашқы қоңырау соғу рәсімін жүргізді.

Салтанатты жиыннан соң барлық сыныптарда тәрбие сағаттары оздырылды.

Р.АБАЙ

Егіндікөл ЖОББ мектебінде 1 қыркүйек – Білім күні салтанатына орай аудандық балалар туризмі орталығының директоры Айбат Шайжанұлы Омаров, ауылдық округ әкімі Зейнолла Ғайноллаұлы Қалиев қатысып, ұстаздар мен оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.



Салтанатты іс-шарадан кейін «Мектепке жол» акциясы өтті. Акция аясында отбасылардың сұраныстары бойынша мектеп сөмкелері, спорттық киімдер және оқу құралдары, сонымен қатар 1-сынып табалдырығын аттаған 7 оқушыға оқу құралдары салынған мектеп сөмкелері табысталды.

«Мектепке жол» акциясына демеушілік жасаған ауыл кәсіпкерлері: Тілек Кереев пен Құрманғали Жолымбетовке, «Дастан» шаруа қожалығының жетекшісі Рүстем Өтебашевке, «Бұлақсай» шаруа қожалығының жетекшісі Мұратбек Нұрхановқа, «Тимур» шаруа қожалығының жетекшісі Ерболат Саршолақовқа, «Жоламан» шаруа қожалығының жетекшісі Бағдат Мұратовқа ауылдық округ әкімі Зейнолла Қалиев алғыс айтты.

Е.ҚҰТҚОЖА

«Бейбітшілік және қауіпсіздік құндылықтары»

Дәл осындай атаумен аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күніне орай кездесу кеші өтті.



Тағылымды шара Семей ядролық полигонының тарихын кеңінен насихаттау, ядролық сынақтардың зардабы туралы кейінгі ұрпаққа түсінік беру және бейбітшіліктің маңызын дәріптеу мақсатында оздырылды.

Кездесуге Семей ядролық полигонының жабылу кезеңін көзімен көрген, ел тарихындағы маңызды оқиғалардың куәсі болған азаматтар қатысты. Атап айтқанда, Сағат Бұртаевич, Әнуарбек Ғабдиевич, Тынышқали Мұзафарұлы, Батырбек Амантайұлы, Тоймырза Хайыржанұлы, Алтай Хайроллаұлы, Зұлхарнай Бекқожин кештің қадірлі қонақтары болды.

Шара барысында қонақтар Семей полигонының тарихы мен оның халыққа тигізген зардабы жөніндегі естеліктерімен бөлісіп, жастарға бейбітшіліктің қадірін түсінудің маңызын жеткізді.

Қаратөбе аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мәулен Аманшаұлы сөз сөйлеп, айтулы күннің тарихи маңызына тоқталды.

– 29 тамыз – еліміз үшін ерекше маңызы бар тарихи күн. Семей ядролық полигонының жабылуы – Қазақстанның бейбітшілік пен қауіпсіздікті басты құндылық ретінде таңдағанын көрсететін маңызды шешім. Полигонның зардабы халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Сондықтан бұл тақырыпты кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің ортақ міндетіміз.

Бүгінгі жас ұрпақ Семей полигонының тарихын біліп, ядролық қарудың адамзатқа қаншалықты қауіпті екенін түсінуі керек. Бейбіт өмірдің қадірін білу, ел тыныштығын бағалау – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Осындай тағылымды кездесулер арқылы тарихымызды ұлықтап, бейбітшіліктің маңызын насихаттаймыз, – деді Мәулен Аманшаұлы.

Сонымен қатар шара аясында «Семей полигоны: қасіреттен – бейбітшілікке» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені оқу залы бөлімінің кітапханашысы Жеңісханым Орынбаева таныстырды.

Кеш барысында Қ.Жұмалиев атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Қанат Мұратұлы «Семей полигоны: өткен тарих және бүгінгі тағылым» тақырыбында баяндама жасап, ядролық сынақтардың тарихи зардабы мен Қазақстанның бейбітшілік жолындағы бастамалары туралы кеңінен баяндады.

Тағылымды кездесу барысында қатысушылар Семей ядролық полигонының жабылуы – ел тарихындағы маңызды шешімдердің бірі екенін атап өтіп, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау әр азаматтың ортақ міндеті екенін жеткізді.

Р.АБАЙ

Мұхит атындағы совхозға 65 жыл

Батыс Қазақстан облысы совхоздары басқармасының 1961 жылдың 3 қараша күнгі №168 шешімімен «Аққозы» совхозының №5 фермасы мен «Қалдығайты» совхозының №5 фермасы ізінен Саралжын қой совхозы құрылған.

Әуелгі екі фермасы шаруашылықтың Сәуле және Қарақамыс елді мекендеріне орналасады, орталығы Қарақамыс ауылы болып белгіленеді.

1962 жылы №3 фермасы №1 ферманың құрамындағы Бесотар, Жантақты-ой, Нияз, Жолқұдық, Қарақұдық, Тұрмағанбет, Сартөбе, Асау, Үшкемпір, Маші, Бернияз, Толғанбай елді мекендерінен құралған. Ферманың орталығы болып Бесотар белгіленеді. Дәуірдің дарабоз әншісі Мұхит Мералыұлының туғанына 150 жыл толуына орай, әншінің туған жерін, сол кісінің атымен атау туралы өтініш жасаған жерлестерінің ұсынысына байланысты Қазақ ССР Министрлер кабинеті 1991 жылы 25 қаңтар күнгі қаулысымен Саралжын қаракөл қой совхозының атын, Мұхит Мералыұлы атындағы қаракөл қой совхозына өзгертті.

Совхоз қаракөл қойын өсіріп, мемлекетке қаракөл елтірісін өндірумен шұғылданды.

1988 жылы совхоз бойынша 2271 бас ірі қара, 28 467 бас қаракөл қойы, 323 бас жылқы болды. Мемлекетке 5895 ц ет, 583 ц сүт, 555 ц жүн, 3712 дана қаракөл елтірісін тапсырған. Бұрынғы кездері Өзек болысы, Есенаман болысы, Күбілей болысы, Тоқпас болысы, Жақсыбай болысы, Соналы болысы болған, кейіннен «Айна», «Сәуле», «Жаңа тілек» колхозы болған, ел біріктіріліп, өз алдына отау тігіп, іргелі шаруашылыққа айналды. Жаңадан типті жобадағы үйлер, балабақша, орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, монша, спорт кешені, техниканы жөндейтін шеберхана, автогараж, ауыл шаруашылығы техникаларын сақтайтын орын, құрылыс бөлімі, мал емдеу, қой қырқу пункті, совхоз әкімдігінің, селолық кеңестің конторы, тұрмыстық қамту мекемесі, азық-түлік дүкендері, жұмысшылар кооперациясы мекемесі, әртүрлі қоймалар, каракөл төлін сою, елтірі дайындау пункті, ет сақтайтын холодильник, тағы басқа көптеген құрлыстар салынды. Сонымен қатар ферма орталықтары Сәуле, Бесотар ауылдарында клуб, контор, кітапхана, монша, тоғызжылдық мектеп, тұрғын үйлер салынды. Мал қыстақтарында шағын 15 монша салынды, жазғы кезде малшы, шопандарды қамтитын жылжымалы монша, мәдени қамту үшін жылжымалы автоклуб жұмыс жасады.

Мұхит атындағы совхоз орталығы көркейіп, шағын ауылдан көк желекке оранған көрікті селоға айналды.

Мұхит бабаның 150 жылдық тойы қарсаңында селоның орталық саябағында қазақтың үш жүзінен ән оздырған атақты әнші, композитор Мұхит Мералыұлының ескерткіші орнатылды, ескерткіш совхоз қаражатына жасалынып, тұрғызылды. Мұхит көшесіне 2 шақырым асфальт жол, жазғы кинотеатр, екі қатарлы модульді қонақтар қабылдайтын қонақүй салынды, ауылға Қаратөбеден тұщы су құбыры тартылып, колонкалар орнатылды. Бесотарға Жайықтан су құбыры тартылып, колонкалар қойылды. Ауылдың осылай өсуіне көптеген азаматтар өз үлестерін қосып, аянбай еңбек етті. Соңғы 35 жылдағы өзгерістерге байланысты, яғни 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырап, Қазақстан өз алдына егеменді ел болып қалыптасқан кезеңінде, совхоз таратылып, жекешеленген кезде ауыл тұрғындары өтпелі кезеңнің қиындығына шыдап, ата-бабалары мекендеген жерден көшпей, өздерінің жеке шаруаларын дамытып, елдің дамуына өз үлестерін қосты.

Табиғаты қатты, ағып жатқан өзені, жер асты суы ащы, тұщы суы жоқ, шалқып жатқан көлі жоқ, жұтаң шөл, шөлейтті далада өмір сүріп, еңбек етіп жатқан адамдарға риза боласың. Қазіргі кезде елдің жағдайының жақсаруына байланысты ауылға көгілдір отын келді, үйді газбен жылытады, асты газбен пісіреді, бір жылдары тоқтап қалған Қаратөбеден келетін тұщы су құбыры, жаңадан салынып әр үйге кіргізіліп жатыр. Халықтың тұрмыс жағдайы жақсаруда, осыны көріп, кезінде елді дамытуға қосқан үлесіміздің, төгілген тердің текке кетпей жалғасын тауып жатқаны қуантады.

Бұдан 65 жыл құрылған совхоздың елдегі өзгерістерге қарамастан өз келбетін сақтап, дамудың жаңа жолына түсіп, жағдайы жақсарып, өсіп өркендеп, көркейе берсін.

Зарлық МУСИН,
1986-1993 жылдардағы совхоз директоры,
Тілекқабыл САҒЫНОВ,
1980-1987 жылдардағы селолық советтің председателі



Газ саласы қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде елімізде дәстүрлі түрде Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні аталып өтеді. Осыған орай Қаратөбе аудандық әкімдігінің мәжіліс залында мерекелік жиын ұйымдастырылды. Шараға аудандық «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ-ның БҚӨФ Қаратөбе аудандық газ учаскесінің қызметкерлері мен сала ардагерлері қатысты.

Мерекелік жиынды аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев құттықтау сөзбен ашып, ауданымыздың экономикалық дамуы мен халық тұрмысының жақсаруына сүбелі үлес қосып отырған газ саласы өкілдеріне алғысын жеткізіп, ұжым қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз – Мұнай-газ саласы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мұнай-газ саласы – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, өндірістік әлеуетінің артуына және халықтың әл-ауқатын жақсартуға елеулі үлес қосып келе жатқан стратегиялық маңызы зор сала.

Бұл салада еңбек ету – үлкен жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті, табандылық пен жоғары еңбек тәртібін талап етеді. Сіздердің күнделікті атқарып жүрген қажырлы еңбектеріңіз ауданымыздың ғана емес, тұтас өңіріміздің дамуына өз үлесін қосуда.

Сіздердің еңбектеріңіз тек өндірістік көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Ауданымыздың әлеуметтік дамуына, елді мекендердің көркеюіне, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына көрсетіп отырған қолдауларыңыздың да маңызы зор.

Осы ретте сала ардагерлеріне – жылдар бойы жинаған мол тәжірибесі мен өнегелі еңбегі үшін, ал бүгінгі қызметкерлерге – жауапты жұмыстарыңыз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, – деді аудан басшысы Қадыржан Орынбасарұлы өз сөзінде.

Жиын барысында бірқатар қызметкерлер «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ БҚӨФ директоры Б.Омаровтың, аудан әкімінің алғысхатымен марапатталды.

Мерекелік жиында аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Меңдешов та сөз сөйлеп, сала қызметкерлерін мерейлі мерекелерімен құттықтады.

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ БҚӨФ Қаратөбе аудандық газ учаскесінің мастері Армат Көбешов әріптестерін мерекелерімен құттықтап, газ саласының ардагері, салада ұзақ жыл еңбек еткен Ибатолла Темировты алғысхатпен марапаттап, иығына шапан жапты.

Айта кетейік, Қаратөбе ауданы бүгінде 100 пайыз көгілдір отынмен қамтылған. Аудан бойынша 2687 абонентке қызмет көрсетіліп, 163 газ тарату шкафы мен 393 049 метр газ желісінің тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілуде. Аталған нысандарға жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарын «QAZAQGAZ AIMAQ» акционерлік қоғамы Батыс Қазақстан өндірістік филиалының Қаратөбе газ шаруашылығы жүргізіп келеді.

Шараға қатысушылар көтеріңкі көңіл күймен естелік суретке түсіп, бір-біріне ақ тілектерін арнап тарқасты.

С.ХАСАНОВ

Тартысты өткен арқан тартыс

Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай Қаратөбеде мекемеаралық ерлер арасында арқан тартыстан жарыс өтті.

Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Қаратөбе ауылында спорттық шара ұйымдастырылды. 3 қыркүйек күні жаңадан салынған спорт алаңында өткен арқан тартыс сайысына ауданның түрлі мекемелерінен 10 команда қатысып, өзара бақ сынады.

Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Қадыржан Сүйеуғалиев құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Шара барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, мерекелік көңіл күймен сазды сәлем жолданды.

Арқан тартыс – қатысушылардан күш-қайратпен қатар, ұйымшылдық пен ауызбіршілікті талап ететін ұлттық спорт түрі. Жарыс барысында командалар бар күш-жігерін салып, жеңіске деген жігерін танытты. Сайыстың ережесімен жарыстың бас төрешісі Қайырбек Сағындықов таныстырып, жарыстың әділ өтуін қадағалады.

Айта кетейік, жыл сайын қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде Қазақстанда Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні аталып өтеді. Бұл кәсіби мереке – елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халыққа сапалы қызмет көрсетіп жүрген сала мамандарының еңбегін дәріптеуге арналған маңызды күн.

Жарыс қорытындысында үздік ойын көрсеткен командалар анықталды. Сайыста жүлделі I орынды аудандық жастар ресурстық орталығының командасы иеленіп, жарыс жеңімпазы атанды. II орын «QAZAQGAZ AIMAQ» командасына бұйырса, III орынды «Сұлтан» жеке кәсіпкерлігінің командасы жеңіп алды. Спорт мектебінің командасы «Жеңіске деген жігері үшін» аталымымен, «Спорт ардагері» аталымымен Берік Нұрекешов, Бауыржан Аманкулов марапатталды.

Жеңімпаз және жүлдегер командаларға ақшалай сыйлықтар мен арнайы дипломдар табысталды.

Мекемеаралық арқан тартыстан кейін Білім күніне орай көшеаралық арқан тартыс жарысы өтті. Аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Думан Дінішевтің ұйымдастыруымен өткен жарысқа 6 команда қатысты.

Тартысты өткен сайыс қорытындысында I орынды Жұмақаев көшесінің командасы иеленіп, жеңімпаз атанды. II орынды Ғ.Құрманғалиев көсінің командасы еншілесе, III орынға Құрманғазы көшесінің командасы тұрақтады. «Жеңіске деген жігері үшін» аталымымен Темір ауылының командасы марапатталды.

Еңбек пен спортты ұштастырған бұл шара қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, көше тұрғындарының арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайта түсті. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған мұндай жарыстардың маңызы зор.

Серікбай ЖӘЛЕЛҰЛЫ







Сынсыз саябақ – ауыл көркі

Қазіргі еккен тал-шыбық ертең жапырағы жайқалған ағаш, одан әрі көрікті орман болатыны белгілі. Осыдан бірнеше жыл өткен соң бұл ағаштардың саясын келешек ұрпақ көреді.

Дана қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп ағаштың адамзатқа берер пайдасын ерекше атап өткен.

Өткен ғасырдың сонау 80-85 жылдары аралығында Қаратөбеде тал егу жұмыстары қарқынды жүрді. Осы күнге дейін өсіп-өніп, зәулім ағаш болғандары аудан орталығындағы көрнекті жерлерге көрік беріп тұр. Бұл тал егудің қыр-сырын жетік білетін сол кездердегі адамдардың еңбегі.

Бірнеше жылдар жергілікті басылым «Қаратөбе өңірінде» кезінде қолға алынып, кейіннен қараусыз қалған саябақтың жағдайы туралы жазылып, оны күтімге алу туралы сан мәрте әңгіме етілгенімен оның күні бүгінге дейін еш нәтиже бермей тұрғаны жасырын емес.

Кезінде «Жастар саябағы» деп аталған аталмыш саябақтың қазіргі көзге оғаш көрінетін жағдайы сол кездерде оған ағаш отырғызып, аянбай еңбектенген адамдарды ойлантпай қоймасы анық.

Кеңес дәуірі кезінде аудандық партия комитетінің біріншісі хатшысы қызметін атқарған Тілекқабыл Бөлеев, екінші хатшы болған Нәжімедден Сапарғалиев ағалар тал егу, көгалдандыру мәселесіне көп көңіл бөліп, қаратөбеліктерді тал егу жұмысына жұмылдыра білді. Мекемелердің, ұжымдардың қызметкерлері жаппай сенбілікке шығып, ағаш отырғызуға белсене қатысты.

Саябақтан бұрын ол жер шашылған күл-қоқыстың ортасы болды. Ол жерде неше түрлі қалдықтар шашылып жататын. Сол кезде ауданды басқарған басшы Т.Бөлеев, техникасы бар жол бөлімінің басшысына тапсырма беріп, мекеменің тәжірибелі трактор жүргізушісі Бөлекбай Құлымбаев ағамыз тракторымен сол аймақтың барлығын түйіп, тегістеп тазартты. Тазарту жұмыстары кезінде ертеде жерленген бір адамның зиратына қойылған құлпытасы трактордың күрегіне ілініп шығып, содан механизатор Бөлекбай аға ол жердің адамдар жерленген молалар екендігін, оны тапауға болмайтынын, соған байланысты өзінің жүргізіп жатырған тегістеу жұмысын тоқтататындығын айтқан екен.

Содан басшының тапсырмасын орындау жолында трактористі ағамыздың амалы болмағасын жұмысын қайта бастап, сол маңай тазартылып, тегістелгеннен кейін айналасы ағаштан жасалған керемет штакетниктермен қоршалды.

Бірде әкемнің сол саябақ ішіндегі құлпытаста арабша жазылған жазуларды оқып, жерленген адамның есімін атап, татар жігіті жерленгенін айтқаны бар еді. Құлпытастағы ол кісінің есімі қазір есімде жоқ.

Содан кейін ауыл ақсақалы Фазылов Сайлау аға: «Арабша жақсы оқи білетін журналист Қазбек Құттымұратұлына оқытайын, Қазбек Қаратөбеге келсе маған айтшы» деген еді. Бірақ оның әлі күнге дейін сәті түспеді. Қоршаудың ішіндегі сол жердегі құлпытастағы жазуды менің әкемнен кейін әзірге ешкім оқып көрмеген сияқты.

Қоршаудағы құлпытастар бар жерді бөлек қоршап, қалған бөлігін өз алдына жөнді етіп бөлек қоршап, оған қосымша ағаштар отырғызып, оларды баптап өсіріп, реттеуге болады емес пе? Қаншама ағаш отырғызылды. Бірақ су құйылып, уақтылы күтім көрсетілмегендіктен қаншасы текке құрап, құрып кетті десеңші. «Есіл еңбек еш кетті» деген осы емес пе?

Суретте: аталмыш саябақ қоршауының Ұлы Отан соғысының ардагері, А.Невский орденінің иегері, майдангер Кенжеғали Жәңгіров атындағы көшеге қарама-қарсы бетінің көрінісі. Екінші суретте: саябақтың осы бетінің М.Нысанов атындағы кіреберіс көшеге қарай шығатын шеткі жағына дейінгі жалғасының көрінісі. Қоршау ішіндегі осы екі арада біраз ағаштың шықпай қалғаны тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Саябақ ауылдың қақ ортасында орналасқандықтан оған көптің көзі түседі. Әсіресе сырттан келгендерге бірден байқалып жатады. «Бұл саябақ па? Неғылған қоршау, әрпі-тәрпі, қалай-солай талдар егілген бе?» деген сауалдарды жиі естіп жатамыз. Сырт көз айтса айтқандай, аталмыш саябақты бір айналып көз тоқтатып қараған кісіге түсінікті-ақ, қазіргі жағдайы көрініп-ақ тұрады. Ауылдың көркіне сын келтіріп тұратын осы саябақтың бүгінгі жағдайы туралы бірнеше жылдан бері айтылып келсе де әзірге еш нәтиже шықпай келеді. Жалпы ағаш отырғызуға бей-жай қарамаған жөн.

Бір кездері қазіргі «Астана» саябағына көптеген қарағай ағашы отырғызылған болатын. Сол отырғызылған ағаштар өніп-өскен болса, бүгінде аталмыш саябақ іші қысы-жазы көгеріп, ауылға көрік беріп тұратын еді. Оған не себеп? Ағаштар қалай-солай отырғызылып, бапталмағандықтан қурап, өспей жатады. Қандай істе болсын, жауапкершілік жоқ жерде нәтиже болмайтыны осыдан-ақ көрініп тұрғандай.

Аудан орталығындағы байырғы мектептің бірі Мұхит жалпы орта білім беретін мектебіне алтын ұя мектебінен әр жылдары түлеп ұшқан мектеп түлектері жыл сайын ағаш отырғызу дәстүрін жалғастырып келді. Әр жылдары мектеп алдындағы алаңдағы қоршау ішіне бірнеше ағаш түптері отырғызылды. Басқасы басқа, 2024 жылы мектепті бітіргендеріне 45 жыл болған түлектер аталмыш мектеп айналасындағы қоршауға біраз қарағай отырғызған болатын. Бүгінде олардың барлығына жуығы құрап қалған.

Алдағы 2028 жылы ауданның құрылғанына 100 жыл толады. Ауданның 100 жылдығына орай барлық елді мекендерде 100 түп ағаш отырғызу жұмыстары қолға алынуда.

Істелген іс көзге көрініп-ақ тұрады. Биыл көктемде орталық саябаққа жаңадан 40 шақты түп көктерек ағашы отырғызылды. Қазір сол ағаштарға уақтылы су құйылып, баптаудың арқасында отырғызылған көктеректер жақсы өсіп жатыр.

Отырғызуға лайықты теректерді таңдай білудің үлкен маңызы бар екендігіне де көңіл бөле бермейміз. Тырбық ағаштар отырғызылып, оларға уақтылы күтім көрсетілмесе, олардан қандай нәтиже күтуге болады.

Аудан орталығына кіреберіс жолдың бойындағы қоршауларға ағаштар отырғызылып келеді. Сол қоршауларға жылдың әр мезгілінде көгеріп өсіп, көрік беріп тұратын қарағайлар отырғызылса, олардың ауылдың кіреберісіне сән берері сөзсіз.

Ауданның Қоскөл ауылында кезінде совхозға басшылық жасаған, кеңшардың директоры болған Ғабдол Қаржауов ағамыздың басшылығымен отырғызылған ағаштар сақталып, қоршауы жаңартылып, басшы ағаның 100 жылдығы қарсаңында ол кісінің есімімен аталған саябақ ашылды.

Келешек ұрпаққа сая болатын теректерді отырғызып, оның сақталуына үлкен көңіл бөлген аға ұрпақ өкілдерінің есімі ел есінде, әркез халық жадында қалары сөзсіз.

Аудан орталығында тұратын және сырттан келген адамдар арасында табиғатқа шынайы жаны ашитын азаматтардың кездесіп жататыны да көңіл қуантады.

Ауыл іргесіндегі жабайы өскіндер қаптаған шағылдың арасында бір азғантай қаз қатар отырғызылған көктерек ағаштары өсіп келеді. Оны осындай табиғат жанашырларының ізгілікті ісі деп ойлайсың. Өйткені ол ағаштар құрғақ құмның арасында өздігінен өсе бермейді.

Тал мен жасыл желектер – елдің көркі. Тал отырғызу, туған жердің табиғатын көркейту жұмыстары баршаға ортақ іс. Сондықтан баршамыз болып, ауыл көркіне әркез мән бергеніміз жөн.

Ерболат МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қазақстан халқы тілдері күні 2018 жылға дейін 22 қыркүйекте аталып өтетін. Үкімет қаулысымен осымен тоғызыншы жыл мерекелік дата 5 қыркүйекте тойланады.



Ата Заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» екені жазылған. Ал орыс тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

«Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» делінген Конституцияда.

Тілдер мерекесінің датасы неге өзгерді

1989 жылы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданды. Ал Тілдер мерекесінің өзі 1998 жылдан аталып өте бастады. Сол жылы тұңғыш президенттің жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды.

Алайда араға жиырма жыл салып, атаулы датаның күні өзгерді. 2017 жылы күзде үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Мұның өзіндік себебі бар еді. 5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Міне, осы себептен 2018 жылдан бастап Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің бесінші жұлдызында мерекеленеді.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, бір шаңырақ астында 130-дан астам ұлт өкілі тату-тәтті өмір сүреді. Мемлекет құраушы ұлт – қазақтар, олардың үлесі жетпіс пайыздан асады. Сондай-ақ орыстар, татарлар, өзбектер, украиндар, грузиндер, армяндар, шешендер, ингуштер, беларусьтер, кәрістер, қырғыздар және тағы басқалары тұрады. Елімізде 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. Оннан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді.

Қазақ тілінің жай-күйі

Мемлекет тарапынан қазақ тілін дамытуға, оның қолданыс аясын кеңейтуге жағдай жасалып жатыр. Қазақ тілін үйреніп жүрген, қызығушылық танытатын азаматтардың саны да жылдан-жылға көбейіп келеді, олардың арасында өзге ұлт өкілдері де баршылық.

Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу.

Билік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан тіл саласында проблемалар әлі де жетерлік. Қазақ тілінің қолданысына байланысты даулар мен түсінбеушіліктер ара-тұра туындап жатады.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше көңіл бөледі.

«Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді», - деген еді Мемлекет басшысы бір сөзінде.

Сондай-ақ Президент мемлекеттік тілді меңгермеген қазақстандықтарға тіл білмегені үшін қысым жасауға болмайтынын да ескертті. Тоқаев қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек деп санайды.

С.ХАСАНОВ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ: ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Қаратөбе ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақырады.

Күз-қыс мезгілі жақындаған сайын тұрғын үйлерде жылыту жүйелерін іске қосу жұмыстары басталады. Осы кезеңде өрт қауіпсіздігіне ерекше мән беру қажет. Өйткені салқын күндердің басталуымен жеке тұрғын үйлерде пештер мен электр жылыту құрылғыларын пайдалану артып, соған байланысты өрт шығу қаупі де жоғарылайды.

Жылыту маусымындағы өрттердің басым бөлігі пешті пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтамаудан, мұржалардың уақтылы тазаланбауынан, пештердің ақаулы болуынан және электр желілеріне түсетін шамадан тыс жүктемеден орын алады.

Осыған байланысты Қаратөбе ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғын үйлерді жылыту маусымына алдын ала дайындауға шақырады. Ең алдымен, пештер мен мұржалардың техникалық жағдайын тексеріп, анықталған ақауларды дер кезінде жою қажет. Мұржаларды күйеден тұрақты түрде тазалап отыру да – өрттің алдын алудың маңызды шараларының бірі.

Пешті пайдаланғанда сақ болыңыз

Пеш жағу кезінде оның алдындағы еденге жанбайтын материалдан жасалған төсеніш орналастырылуы тиіс. Пештің маңына отын, киім-кешек, қағаз, жиһаз және басқа да жанғыш заттарды жақын қоюға болмайды.

Пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ кішкентай балаларға өз бетінше пеш жағуға рұқсат етуге болмайды. Пешті қыздыру үшін бензин, керосин және басқа да тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Электр қауіпсіздігін де естен шығармаңыз

Жылыту маусымында электр жылытқыш құрылғыларын пайдалану кезінде де сақтық қажет. Зауытта шығарылмаған, техникалық ақауы бар немесе қолдан жасалған электр жылытқыштарды пайдалануға болмайды.

Бір розеткаға бірнеше қуатты электр құрылғыларын қатар қосу электр желісіне шамадан тыс күш түсіріп, қысқа тұйықталуға және өртке себеп болуы мүмкін. Сондықтан электр сымдары мен розеткалардың жарамдылығын алдын ала тексерген жөн.

Көміртек тотығы – көзге көрінбейтін қауіп

Жылыту маусымында адам өміріне қауіп төндіретін негізгі факторлардың бірі – көміртек тотығы. Пештің мұржасы дұрыс тартпаса немесе түтін шығатын жол бітеліп қалса, улы газ тұрғын үйдің ішіне таралуы мүмкін.

Көміртек тотығының түсі де, иісі де жоқ. Сондықтан оның таралғанын адам дер кезінде байқамай қалуы ықтимал. Осыған байланысты тұрғын үйлерге көміртек тотығын анықтайтын арнайы датчиктер орнату ұсынылады.

Тұрғындар жылыту маусымы басталмас бұрын пештерін, мұржаларын және электр желілерін тексеріп, қауіпсіздік талаптарын сақтауы қажет.

Қаратөбе ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары: «Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – әр адамның азаматтық жауапкершілігі. Қарапайым сақтық шараларын орындау арқылы үлкен қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Өз үйіңіздің қауіпсіздігіне бүгіннен бастап көңіл бөліңіз. Пеш пен электр жабдықтарының жағдайын тексеріп, балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударыңыз» деп ескертеді.

Жылыту маусымында сақтық шараларын сақтау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең тиімді жолы.

Өрт болған жағдайда «101» немесе «112» нөміріне хабарласыңыз.

Қаратөбе ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ның иелігіндегі ҚТҚ полигонына арналып жасалған қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу материалдарына ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл а/о, Егіндікөл ауылы, Құрманғалиев көшесі, 26 А (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жыл 15 қазан сағат 10.00-де.

Конфернецияға онлайн қосылу:

https://us05web.zoom.us/j/89510176535?pwd=RbniyChGosKgejDupPeS26qmiSb6ww.1

Конференции идентификаторы: 895 1017 6535

Кіру коды: 9kE3Le

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады e-mail: zko_forest@bko.gov.kz.

Бастамашы: «Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, мекенжайы: БҚО, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл а/о, Егіндікөл ауылы, Құрманғалиев көшесі, 26 А БСН 050240007270, тел. +7777614666

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

«Егіндікөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша енгізе алады: zko_forest@bko.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен БҚО, Қаратөбе ауданы, Егіндікөл а/о, Егіндікөл ауылы, Құрманғалиев көшесі, 26 А мекенжайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +7777614666

Полигонның географиялық координатасы:

Ендік: 50° 2’58.79»С

Белдік: 54° 3’0.74»В

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Егиндикульского сельского округа» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения разрешения на воздействие для полигона ТБО.

Место проведения: Западно-Казахстанская область, Каратобинский район, Егиндыкольский с.о., с. Егендыколь, улица Курмангалиева, 26А (в здание акимата).

Дата и время проведения: 15 октябрь 2026 года в 10:00.

Подключиться к конференции

https://us05web.zoom.us/j/89510176535?pwd=RbniyChGosKgejDupPeS26qmiSb6ww.1

Идентификатор конференции: 895 1017 6535

Код доступа: 9kE3Le

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: zko_forest@bko.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ГУ «Аппарат акима Егиндикульского сельского округа» адрес: ЗКО, Каратобинский район, Егиндыкольский с.о., с. Егендыколь, улица Курмангалиева, 26А БИН 050240007270, тел. +7777614666

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ГУ «Аппарат акима Егиндикульского сельского округа» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zko_forest@bko.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Каратобинский район, Егиндыкольский с.о., с. Егендыколь, улица Курмангалиева, 26А. По всем вопросам обращаться по телефонам: +7777614666

Географические координаты полигона.:

Широта: 50° 2’58.79»С

Долгота: 54° 3’0.74»В

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ның иелігіндегі ҚТҚ полигонына арналып жасалған қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу материалдарына ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл а/о, Қоскөл ауылы, Қаржауов көшесі, 11 (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жыл 15 қазан сағат 12.00-де.

Конференцияға онлайн қосылу:

https://us05web.zoom.us/j/88371455826?pwd=ukH9dauxodgEnUAwhQ8XXbWv1VJNVs.1

Конференция идентификаторы: 883 7145 5826

Кіру коды: 5j5VK7

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады e-mail: zko_forest@bko.gov.kz.

Бастамашы: «Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, мекенжайы: БҚО, Қаратөбе ауданы, Қоскөл а/о, Қоскөл ауылы, Қаржауов көшесі, 11 БСН 050240007171, тел. 87770610658

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

«Қоскөл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекенжайы бойынша енгізе алады: zko_forest@bko.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен БҚО, Қаратөбе ауданы, Қоскөл а/о, Қоскөл ауылы, Қаржауов көшесі, 11 мекенжайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: 87770610658

Полигонның географиялық координатасы:

Ендік: 50° 5’49.53»С

Белдік: 53°50’39.71»В

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Коскульского сельского округа» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения разрешения на воздействие для полигона ТБО.

Место проведения: Западно-Казахстанская область, Каратобинский район, Коскольский с.о., с. Косколь, улица Каржауова, 11 (в здание акимата).

Дата и время проведения: 15 октябрь 2026 года в 12:00.

Подключиться к конференции

https://us05web.zoom.us/j/88371455826?pwd=ukH9dauxodgEnUAwhQ8XXbWv1VJNVs.1

Идентификатор конференции: 883 7145 5826

Код доступа: 5j5VK7

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: zko_forest@bko.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ГУ «Аппарат акима Коскульского сельского округа» адрес: ЗКО, Каратобинский район, Коскольский с.о., с. Косколь, улица Каржауова, 11 БИН 050240007171, тел. 87770610658

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ГУ «Аппарат акима Коскульского сельского округа» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zko_forest@bko.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Каратобинский район, Коскольский с.о., с. Косколь, улица Каржауова, 11. По всем вопросам обращаться по телефонам: +7777614666

Географические координаты полигона.:

Широта: 50° 5’49.53»С

Долгота: 53°50’39.71»В

Ақпараттық хабарламаның күшін жою туралы

«Қаратөбе өңірі» газетінің 01.09.2026 жылғы №36 (7722) санының 6-бетіндегі Қаратөбе аудандық жер қатынастары бөлімінің «Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша берілген ақпараттағы ұсынылған жер телімінің, ауданымызға инвестициялық жобалар тарту мемлекеттік қажеттілігіне резервтеу қажеттілігі туындауына байланысты осы ақпараттық хабарламаның күші жойылсын.

Н.БОЗОВ,
бөлім басшысы

Дизентерия ауруы жас талғамайды

Дизентерия – ішек инфекциясы, ол негізінен шигеллалар (шигеллез) немесе амёбалар (амёбалық дизентерия) арқылы таралады. Негізгі белгісі — тоқ ішектің қабынуы, сұйық іш өтуі, қан аралас іш өтуі, іштің ауыруы және жалпы әлсіздік.

Дизентерия қалай жұғады?

Ластанған ауыз су немесе тамақ арқылы;

Жеке бас гигиенасы сақталмаған жағдайда;

Лас қол, ыдыс-аяқ арқылы;

Мектеп, балабақша сияқты ұжымдық орындарда тез таралады.

Дизентерияның алдын алу шаралары

1. Ауыз суды қорғау және пайдалану

Тек қайнатылған немесе сүзгіден суды ішу;

Су көздерін ластанудан сақтау;

Орталықтандырылған су жүйелерінің санитарлық жағдайын бақылау.

2. Жеке бас гигиенасын сақтау

Қолды тамақтанар алдында, дәретханадан кейін сабындап жуу;

Балаларды қол жууға дағдыландыру;

Тырнақтарды таза ұстау.

3. Тамақ дайындау және сақтау талаптары.

Тамақты таза жерде дайындау;

Көкөніс, жемісті жақсылап жуу;

Дайын тағамды ұзақ сақтамау, дұрыс жабу;

Шикі және дайын тағамды бөлек сақтау.

4. Қоғамдық санитарлық шаралар

Асханалар, мектептер, балабақшаларда санитарлық талаптарды сақтау;

Қоқысты уақытында шығару;

Дәретхананы таза ұстау және жабдықтау.

5. Медициналық шаралар

Ауру адамды дереу оқшаулау;

Ерте диагностика және емдеу;

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бақылауын күшейту.

Ауру жас талғамайды, кез келген жаста адам ауруы мүмкін.

Дизентерия – санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау арқылы толық алдын алуға болатын ауыру. Ең бастысы – таза су, таза қол, таза тағам!

Индира ЖАНИСОВА,
Қаратөбе аудандық СЭББ-ның бас маманы

Меншік иесі:
"Жайық Пресс" ЖШС.
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

"Жайық Пресс" ЖШС

Қаратөбе аудандық

""Қаратөбе өңірі" қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторының м.у.а Райымбек АБАЕВ

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 19.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу нөмірі №12264-Г.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090800 Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы Қ.Жұмалиев көшесі, №21 үй
Телефондар: Редактор: 31-1-61. Жауапты хатшы (факс): 31-3-35
Біздің электронды поштамыз: E-mail: Karatobe_oniri@mail.ru
Есеп бөлімі (бухгалтерия) 8 7112 54 04 90

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет "Жайық Пресс" медиахолдингінде компьютерлік әдіспен құрылып, беттелді. "Хабар-Сервис" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2

Газет аптасына 1 рет шығады. Көлемі 2 баспа табақ.

Таралымы: 1154 дана.



«Қауіпсіз қоғам» – ортақ жауапкершілік

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қауіпсіз қоғам» жобасы аясында Мұхит атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 11-сынып оқушыларына Қаратөбе аудандық полиция бөлімінің қызметкері Әсем Қайратқызы профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында құқықбұзушылықтың алдын алу, интернет және телефон алаяқтығынан сақтану, мотокөлік құралдарын тиісті құқықсыз басқармау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуі мәселелері түсіндірілді. Сондай-ақ уытқұмарлық пен лудоманияның зияны және олардың қауіпті салдары туралы маңызды ақпарат берілді.

Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, полиция қызметкерінен нақты жауаптар алды.

Осындай профилактикалық кездесулер жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіздік ережелерін сақтауға және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді.

Е.ҚҰТҚОЖА



«Тіл – ұлт рухының өзегі»

Дәл осындай атаумен Тілдер күніне орай Жусандыой ауылдық модельді кітапханасында «Тіл – ұлт рухының өзегі» атты танымдық кеш ұйымдастырылды.

Мектеп оқушыларының қатысуымен өткен іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ана тілінің қадір-қасиетін түсіндіру, қазақ тілін құрметтеуге баулу, тіл мәдениетін қалыптастыру және көптілділікті насихаттау болды.

Кеш барысында оқушылар тілдің ұлт өміріндегі маңызы туралы ой бөлісіп, «Тіл – халықтың қазынасы» атты сұрақ-жауап кезеңіне қатысты.

Сонымен қатар мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Тіл білгірі» сияқты танымдық ойындар арқылы өз білімдерін сынады.

Ана тілін құрметтеу – өзге тілдерді үйренуге кедергі болмайды. Бірнеше тіл білу – қазіргі заманның талабы. Оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі сөздердің мағынасын айтып, тіл үйренуге деген қызығушылықтарын көрсетті.

Танымдық кеш аясында «Сөз құдіреті – ел құдіреті» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қазақ тілінің тарихы, тіл мәдениеті, шешендік өнер, ұлттық әдебиет және көрнекті қаламгерлердің шығармалары қойылды. Оқушылар кітап көрмесімен танысып, тіл туралы тағылымды ойлармен бөлісті.

Қазақ халқы «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін ерекше бағалаған. Бабалардан қалған шешендік сөздер мен нақылдар – бүгінгі ұрпаққа жеткен асыл мұра.

Тілді сақтау – ұлтты сақтау. Тілді құрметтеу – елді құрметтеу. Тілді білу – рухани байлық.

Е.ҚҰТҚОЖА

Жақсы нәтиже көрсетті

Қыркүйек айының 2-6 күндері аралығында 2011-2012 жылдары туған жасөспірімдер мен 2009-2010 жылдары туған жастар арасында бокстан Батыс Қазақстан облысының чемпионаты өтті.

Облыстың әр ауданынан келген жас былғары қолғап шеберлері өзара мықтыны анықтап, шаршы алаңда шеберліктерін сынға салды.

Аталған жарыста Қаратөбе ауданының намысын қорғаған жас спортшылар да бақ сынап, жақсы нәтижелер көрсетті. Жекпе-жектерде қайсарлық танытып, қарсыластарына лайықты қарсылық көрсеткен жерлестеріміз жүлделі орындардан көрінді.

Атап айтқанда, 63 келі салмақта өнер көрсеткен Мейрамбек Білімбекұлы жарыстың жеңімпазы атанып, I орынға ие болды. Ал 75 келі салмақта сынға түскен Әмір Амангелді II орынды иеленді.

Бұл жетістік жас спортшылардың табандылығы мен тынымсыз жаттығуының жемісі. Жүлдегер атанған қос спортшы қазан айында Алматы қаласында өтетін Оңтүстік-Батыс аймақтық Қазақстан Республикасы біріншілігіне жолдама алды.

Жас боксшыларды жарысқа дайындап, олардың спорттағы алғашқы қадамдарына бағыт-бағдар беріп жүрген Қаратөбе аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Думан Днишев еңбегін де атап өткен жөн.

Райымбек АБАЙ



ҚОСКӨЛДІК ӨНЕРПАЗДЫҢ КЕШІ

Қаратөбе ауданының орталық саябағында жерлесіміз, әнші Нұржан Шадияровтың концерттік кеші жоғары деңгейде өтті.

Кеш барысында өнерпаз көрермендерге әсем әндерін ұсынып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Концертке Қоскөл ауылының жастары, мәдениет саласының қызметкерлері және ауыл азаматтары қатысып, жерлес өнерпазға қолдау көрсетті.

Өнер кеші әсерлі өтті. Көрермендер әншінің өнеріне жоғары бағасын беріп, ыстық ықыластары мен қошеметтерін білдірді.

Кеш соңында ауыл әкімі Әділет Қайратұлы Нұржан Нұрбергенұлына алғысын білдіріп, шығармашылық жұмысына ақ тілегін арнады. Сонымен қатар өнердегі еңбегін бағалап, алғысхат табыстады.

– Өнеріңіз өрге жүзсін! Шығармашылық жолыңызға толағай табыс, жаңа белестер мен биік жетістіктер тілейміз. Елдің ықыласына, көрерменнің қошеметіне бөлене беріңіз, – деді ауылдық округ әкімі Әділет Мусағалиев.

